

Күршім аудандық мәслихатының 2021 жылғы 16 наурыздағы № 3/4-VII "Күршім ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 2/13-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 4 мамырда № 8834-16 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2024 жылғы 20 наурыздағы № 20/3-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 20.03.2024 № 20/3-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Күршім аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Күршім аудандық мәслихатының "Күршім ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2021 жылғы 16 наурыздағы № 3/4-VII (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8677 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Күршім ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындаудың Қағидасында:

1-тармақтың 5-абзацы мынандай редакцияда жазылсын:

"Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысына шекті жол берілетін шығыстар үлесі 10 (он) пайыз мөлшерінде."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

К. Бахтияров